

Жер теліміне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Павлодар ауданы Чернорецк ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № 1-03-1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 ақпанда № 7212 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабы 1 -1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес, Чернорецк ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Павлодар ауданы Чернорецк ауылдық округінің Чернорецк ауылының аумағында жер пайдаланушылардан жер учаскелері алынбай қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Чернорецк ауылдық округінің әкімі

С. Омаров

Чернорецк ауылдық
округі әкімінің
2021 жылғы 2 ақпандағы
№ 1-03-1 шешіміне
қосымша

Р/с №	Пайдаланушы	Ауданы, гектар	Нысалы мақсаты	Пайдалану мерзімі (жыл)	Жер телімінің орналасқан жері
1	"ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамы	0,0950	№ 35 катодты қорғаныс станциясының 0,4 киловольт - кабель желісін жүргізу мен пайдалану үшін	10	Павлодар ауданы, Чернорецк ауылдық округі, Чернорецк ауылы